



«Адамз бау»

САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА



«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын үлкен ықыласпен оқып шықтым. Онда ел Президенті Абай мұрасының халыққа тигізер пайдасы орасан зор екендігін жан-жақты баяндайды. «Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағлым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді» дейді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ, ұлы ақынның 175 жылдығына орай ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін республикада ауқымды іс-шаралар өтетіндігін айтады. Биыл елімізде халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылмақ. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді деп жоспарланыпты. «Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады» дейді Президент.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. «Бірақ, бұл – Абайды танудың бір қыры ғана» дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Өйткені, Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашан да рухани азық бола алады. Мақала түйінін осылай қорытуға болады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. «Бірақ, бұл – Абайды танудың бір қыры ғана» дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Өйткені, Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашан да рухани азық бола алады. Мақала түйінін осылай қорытуға болады.

Болатбек ТІЛЕУБЕРДИЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.